

**Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының докторанты Еспенова Айгерим Турсыновнаның «Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері» тақырыбындағы 6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін даярлаған диссертациялық жұмысы туралы**

## **ПІКІР**

Докторант А.Т. Еспенованың «Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері» тақырыбы бойынша дайындалған докторлық диссертациясы көтеріп отырған тақырыбының өзектілігімен қызығушылық туғызады. Диссертант зерттеудің мақсаты мен міндеттерін ашып көрсетуді кең ауқымда қарап, оны тарихи, өнертанушылық-сыни, семиотикалық, стилистикалық тұрғыдан талдауға күш жұмылдырған.

Автор зерттеуде шетел және отандық өнер зерттеушілерінің ғалымдарының ғылыми еңбектерін негізге ала отырып, тұшымды тұжырымдар келтірген. Диссертациялық жұмыстың бөлімдері мен тараушаларының дұрыс бөлінгені, олардың тақырыптары мазмұнға сай таңдалып алынған. Осының негізінде А.Т. Еспенова өзі жинап, топтастырған көлемді материалдарды бір жүйеге түсіріп, жұмысты ғылыми зерттеу тәсілдері негізінде жазып шыққан. Бұл диссертанттың шығармашылық сипатта, үлкен ізденіс үстінде жұмыс жасағанына тағы бір дәлел бола алады.

Жұмыста қазақ сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың теориялық-әдістемелік алғышарттары, сәндік-қолданбалы өнердің көркемдік-эстетикалық пайымдалуы, уақыт пен кеңістік қатынасы, тарихи сананы жаңғыртудағы орны мен рөлі, сонымен қатар, заманауи сәндік-қолданбалы өнеріндегі жаңаша ізденістер мен даму тенденциялары кеңінен қарастырылып зерттелген.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен пайымдаулары дәлелді және көкейге қонымды. Сондай-ақ, сәндік-қолданбалы өнерінің жекелеген суретші шеберлерінің шығармашылығын зерттегенде, қазақ қолөнерінің тарихы мен қалыптасуы туралы ғылыми еңбектер жазғанда көмекші құрал ретінде қызмет атқара алады. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген тұжырым, түйіндер қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің тарихы, әсіресе Тәуелсіздік кезеңіндегі даму тенденцияларын зерттеу барысында көп көмегі тиеді деп ойлаймын.

Қорыта айтқанда, Айгерим Еспенованың «Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері» атты диссертациялық жұмысы зерттеу ауқымының кеңдігімен, қол жеткізген нәтижелерінің нақтылығымен, ұсынылған тұжырымдарының ғылыми негізде қорытындылануымен құнды болып есептеледі. Докторанттың ғылыми зерттеу еңбегі Ғылыми дәрежелер беру талаптарына сай орындалған.

Диссертацияның осы айқындаушы белгілеріне сүйене отырып, докторант Айгерим Еспенова 6D041600 – «Өнертану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деген пікірдемін.

Пікір білдіруші,

**Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік  
өнер музейінің директорының  
ғылым жөніндегі орынбасары,  
өнертану кандидаты**  
svetlanakobzhanova@mail.ru



**С. Ж. Кобжанова**